



● **ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА**



Қымбат
ДОСЖАНОВА

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздегі қолжетімді тұрғын үйлер құрылысының механизмдерін өзгертуді

талап еткен болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай биыл «Нұрлы жол» әлеуметтік жалға берілетін тұрғын-үй бағдарламасы бойынша Қостанай қаласындағы «Арман» тұрғын-үй кешенінде жаңа пәтерлердің кілттері табысталды. КСК шағын ауданындағы Герцен 36А және

Герцен 36Б мекенжайының тұрғындары да биылғы шілде айында қоныс тойын тойлады.

СУРЕТТЕ: Еркін ата мен Зайра әже немерелерімен бірге.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● **ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ**

Ынтымақ отбасынан басталады

Қымбат
ДОСЖАНОВА

«Нұр Отан» партиясы «Отбасыны қолдау апталығы» ұранымен бір жетінің ішінде әртүрлі қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастырды. Атап айтқанда, партиялықтар жетім балаларға мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі бойынша есеп-шоттардың сертификаттарын табыстады.

«Нұр Отан» партиясының доктринасында: «Ынтымақ отбасыдан басталады. Ол – отбасы мүшелерінің, достардың, айналадағы адамдардың бір-біріне көмектесуінен, рухы күштілердің әлсіз

жандарға, бақуатты кісілердің тұрмысы төмендерге, денсаулығы мықты адамдардың науқастарға, жасы үлкендердің өзінен кішілерге жанашыр болуынан танылады» деп жазылған болатын. Осынау

жоғары адамгершілік қасиеттерді насихаттау мақсатында екі жыл бұрын партияның қолдауымен «Бақытты отбасы» жобасы басталды. Екі жылдың ішінде екі жүзден аса отбасыға заң кеңестері мен психологиялық көмек көрсетілді. Ал, биылғы жылы партия белсенділері ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларға жәрдемдесуді қолға алып отыр. Білім және ғылым бағыты бойынша эксперттік топтың отырысында «Болашаққа жол» жалпы-республикалық акциясы бастау алды.



● **ОРАҚ – 2015**

Егіннің 36 пайызы жиналды

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Облыс диқандары табиғаттың жайма-шуақ мезгілін тиімді пайдаланып қалуға тырысып-ақ жатыр. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының берген мәліметтеріне қарағанда, өңірде астықтың 36%-ы жиналыпты. Сонымен, күні бүгінге дейін 1 млн. 375 мың гектардың егіні орылды. Мамандардың айтуынша, дала жұмыстары қазан айының орта шеніне дейін жалғасуы мүмкін. Тек жауын жаумаса болды.

– Ылғалдың мол түсуінен бидай пісіп үлгермей жатыр. Оның үстіне биыл тұқым кеш себілді, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім бастығы Сәлімжан Есенаманов, – ауа райын болжау орталығы қыркүйек айында жауын-шашын қалыпты мөлшерден аспауы тиіс дегенді айтады.

Өзірге астық түсімі орташа есеппен алғанда гектарына 8,4 центнерге тең. Егер солтүстік аудандарда орақ науқаны қалыпты айналысқа түссе, бұл көрсеткіш әлі де өсуі мүмкін.

● МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Жеткіншектерге жәрдем

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Жыл сайын еліміз бойынша 1-ші тамыз бен 30-шы қыркүйек аралығында өтетін "Мектепке жол" жалпы республикалық акциясының қарқыны ауданымызда да жаман емес.

Игі шараның арқасында бүгінгі таңда өңірде 193 бала мектепке қажетті құрал-жабдықтарға ие болды. Жалпы соммасы – 110850 теңге. Жоспарда әлі 152 бала бар. Бұл туралы бізге аудандық білім бөлімі маманы Гүлшат Құдайбергенова баяндады.

Жалпы, акцияға мекеме басшылары, кәсіпорындар, кәсіпкерлер, ұжымдар жұмыла атсалысуда. Оның мақсаты – жетім, әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы жанұялар балаларына оқу жылы басталуына дайындалуға көмектесу және балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектепке келмей қалуынан сақтандыру.

Сарыкөл ауданы.

● "ЖОЛАШАР"

"Өмір, қымбатсың маған!"



Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Дәл осы тақырыпта М.Хәкімжанова атындағы №20 мектепте дөңгелек үстел болып өтті. "Жолашар" республикалық акциясы бойынша балалардың мәселелеріне қоғамның тұрақты назарын аударып, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің мүддесінде мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша әртүрлі құрылымдардың, қоғамдық, халықаралық ұйымдардың, бизнес-топтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа әлеуметтік топтардың күшін біріктіру жайлы сөз қозғалды. Шараны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жансая Бақытбекқызы мен жантанушы Әйгерім Сафина жүргізіп отырды. Дөңгелек үстелдің басты қонағы "Үміт-Надежда" қоғамдық ұйымы төрағасының орынбасары Аруна Жақсағұлова "Жолашар" акциясының маңыздылығын алға тартты.

– Адам өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті, шынайы қарым-қатынас жасауы тиіс. Бүгінгі алмағайып қоғамнан мүмкіндігі шектеулі жандарды шеттетпеу үшін мемлекетіміз көп игілікті істер атқаруда. Әр адамның өмірі махаббат пен мейірімге толы. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың құрдастарымен төзімділік қарым-қатынастарды құру, әлеуметтік-маңызды істерді ұйымдастыру үдерісінде жастарды біріктіру мақсатында біраз шаруалар жасап жатырмыз. Халықаралық "Кедергісіз болашақ!" автошеруі, тоғыз жыл қатарынан аталып келе жатқан жаңажылдық шаралар, арбадағы би жарыстары осының дәлелі.

Дөңгелек үстелге мектеп оқушылары белсене атсалысты. Аруна Рахметуллақызы оқушылардың жалпы өмір жайлы, бала психологиясы хақындағы қойған сұрақтарына жауап берді. Мысалы, "өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді" дегенді қалай түсінесіз?" деген сауалға: – Қамшының сабындай ғана бес күндік ғұмырды мән-мағыналы қылып өткізу абзал. Оған қазақтың бағына біткен "аққан жұлдыздарымыз" Шоқан, Сұлтанмахмұттар дәлел болады. Сондықтан да өмірді қастерлеуіміз қажет, – деп жауап берді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамда шығармашылық пен өнер арқылы әлеуметтік бейімделуі жайында бейнеролик те көрсетілді. Айналасындағыларға жылулық сыйлап, мейірімділік білдіріп, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмегін аямай, қолдау көрсетіп жүрген "Үміт-Надежда" қоғамдық ұйымына №20 мектеп ұжымы атынан алғыс хат табыс етілді.

● ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА

Майдангерлер деректерін іздейміз

Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі "Боздақтар", "Олар жеңіспен оралды" кітаптарының қосымша шығатын томдарына жазу үшін Қостанай облысынан соғысқа аттанған, есімдері бұрынғы кітаптарға жазылмаған ардагерлер туралы мәліметтерді іздейді. Егер, сіздің отбасыңызда есімдері басылымдарға кірмей қалған 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары болса, олар туралы деректерді төмендегі мекенжайға жолдаңыздар: 110000 Қостанай қаласы, Байтұрсынов көш, 68.

Тел.54-11-85, 53-21-54

e-mail: sovetsvetanovkostanai@mail.ru

сайт: www.veteran.kostanai.kz

Кенжебек УКИН,
Қостанай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ынтымақ отбасынан басталады

1-бет

Сол күннен бастап партиялықтардың қатысуымен 64 баланың атына есеп-шот ашылып, белгілі бір сумма салынды. Мұндай игі іске облыстық мәслихаттың депутаттары мен республикаға белгілі халық қалаулылары да үлес қосуда. Мысалға, ҚР Мәжілісінің депутаты Ирина Аронова қостанайлық екі балаға есеп-шот ашып берген. Күні кеше "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалында өткен кездесуде бірнеше балаға есеп-шоттың сертификаттары табысталды.

– Өз басым көпбалалы отбасында өстім. Біз он ағайынды едік. Бір-бірімізге қарайласып, бауыр-мал болып жетілдік. Қайырымдылық деген қас-терлі қасиет әке-шешеміздің тәрбиесімен бойымызға сіңді. Сондықтан партияның бастамасын бірауыздан қолдаймын, – деді "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бақытбек Сәндібеков.

Аталмыш кездесуде Қостанай аудандық мәслихатының депутаттары, "Жас-Ай" ЖШС директоры Бисенбай Борашев, "Қазақ тұлпары" ЖШС директоры Нәбидолла Кикебаев және "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бақытбек Сәндібеков өздері ашқан мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі бойынша есеп-шоттардың сертификаттарын жетім балаларға табыстады. Аталған есеп-шоттар мемлекетпен тығыз әріптестік қарым-қаты-



наста жұмыс істейтін екінші дәрежелі банктердің бірінен ашылды. Ондағы қаражат мемлекет пен банк сыйақысының есебінен тұрақты түрде өсіп отырады. Бала 18 жасқа толғанда есеп-шоттағы қаржыны жоғары білім алу үшін пайдалана алады. Егер грантқа түскен жағдайда басқа да мақсаттарға жұмсауына мүмкіндігі бар.

"Болашаққа салым саламыз" акциясы "Бақытты балалық" партиялық жобасын іске асыру шеңберінде балалардың жоғары білім алуына ықпал ету мақсатында ұйымдастырылып отыр.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.

Жалақы берешегі өтелді

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Биылғы жылдың жеті айында Қостанай ауданының прокуратурасы тексеру кезінде жемқорлық сипаттағы қылмысқа жол берген ауданның бір лауазымды тұлғасы төртіптік жазаға тартылды. Қостанай аудандық әділет басқармасының бас маманы Г.Биахметов Әкімшілік құқықбұзушылық туралы 8 хаттаманы уақытында жібермей, жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарау кезінде түрлі заңбұзушылықтарға жол берген. Г.Биахметов төртіптік жазаға тартылды. Аудандық әділет басқармасының басшысы Т.Қарабековке сөгіс берілді.

Бюджет қаражатын негізсіз пайдалану фактісі бойынша бұлтартпау шарасы қолданылды. Аудан прокуратурасының араласуымен "Элитстройсервис-Ақтөбе" ЖШС Озерное ауылында сумен қамтамасыз етуді қайта жаңғырту кезінде құрылыс жұмыстары уақытында жүргізілмеген. Заңсыздықты қайта қалпына келтіру

үшін 500 000 теңге айыппұл салынды.

Денсаулық сақтау саласына келген жас мамандарға тұрғын үймен қамтамасыз етуде несие беру шарты бұзылғаны анықталды. Мәселен, ауданға келген жас маман Ж.Китебаев және К.Залиев 5 жыл аудандық ауруханада жұмыс істеу шартын бұзатын, жұмыстан кеткен. Ж.Китебаевтан баспана алуға бөлінген 1 562 155 теңге бюджет меншігіне қайтарылды.

Бюджет қаражатын жұмсауда бұлтартпау шаралары қолданылды. Аудан прокуратурасының ұсынысымен Затобол ауылының әкімдік аппараты мен "Қостанай жолдары" серіктестігімен 26.03.2015 жылы жасалған келісім-шарты бұзылды. Өйткені мемлекеттік сатып алу-ды жүргізу кезінде ауылда қар болмаған. Негізсіз жұмсалған 2,2 млн. теңге бюджетке қайтарылды. Қоршаған орта қорғау заңнамасы саласында 5 ұсыныс қаралды, 1 тұлға төртіптік, 4 тұлға

әкімшілік жазаға тартылды. 8 818 208 теңге мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мысалға, "Горизонт – 2012" ЖШС қатты тұрмыс қалдықтары полигонын тексеруде қауіптілік деңгейіне байланысты санитарлық ереженің сақталмауы, полигонда көптеген жануарлар өлексесінің ашық жатуы және қаңғы-бас иттер мен мысықтардың кезіп жүруі, әртүрлі жұқпалы ауруларды таратуы мүмкін. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін "Горизонт – 2012" ЖШС-не 300 000 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

– 2015 жылдың наурыз айында аудан прокуратурасының араласуынан кейін ұйғарым шығарылды. "Ак-кудук" және "Онур" ЖШС 99 қызметкерлері алдындағы 5,8 млн. теңге берешегі өтелді. Және мамыр айында "Север птица АҚ" 88 қызметкерінің 5 млн. теңге жалақы берешегі өтелді. Жұмыс берушілер әкімшілік жазаға тартылды, – деді Қостанай ауданы прокурорының міндетін атқарушы А.Күзбаев.

● БӘЙГЕ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қорына "Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесіне қатысу үшін бірінші өтінімдер келіп түсті

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры шілденің басында сыйлық қоры 5 500 000 теңге "Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесін алуға конкурс басталғаны туралы жариялады.

Жүлденің ұйымдастырушысы мен құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры. Жобаның әріптестері Қазақстан жазушылар одағы және Мемлекеттік тілді дамыту қоры.

Жүлденің мақсаты отандық әдебиетті насихаттау, оқырмандарды Қазақстанның тарихына, оның рухани қазынасына деген қызығушылығын жастардың моральдық-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Жүлдеге қатысу үшін 18 және 35 жас аралығындағы жас әдебиетшілер жіберіледі. Бір автор бұрын жарияланбаған орыс не-

месе қазақ тіліндегі бір шығарманы ғана ұсынады.

"Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесі 5 номинация бойынша беріледі:

"Жылдың үздік прозасы";
"Жылдың үздік поэзиясы";
"Жылдың үздік драматургиясы";
"Жылдың үздік балалар шығармасы";

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Мәңгілік ел" идеясына арналған үздік шығарма".

Жеңімпаздарға "Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесі лауреатының атағы және 1 (бір) миллион теңге мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі. 1,5 (бір жарым) миллион теңге мөлшеріндегі арнайы жүлде "Мәңгілік Ел" номинациясы бойынша жеңімпазға беріледі.

"Алтын Тобылғы" әдебиет

жүлдесі Лауреаттарының кітабы шығармалар жинағы ретінде басылып шығарылады деп жоспарлануда.

"Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесіне қатысу үшін өтінімдер at2015@fpp.kz. электрондық мекенжай бойынша немесе Қазақстан Республикасы Астана қаласы, Еңбекшілер көшесі, 10, Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасының Қоры мекенжайы бойынша 2015 жылғы 1 қарашаға дейін қабылданады.

"Алтын Тобылғы" әдебиет жүлдесі туралы ережемен толығырақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қорының сайтында танысуға болады

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры

www.presidentfoundation.kz
тел: 8-7172-708-293

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ ТОЛДЫ

Ибрагим АҒЫТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

"Кең далам — анам, мен — балаң..."

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан" телеарнасына берген сұхбатында: "Әдетте, Жапонияны – күншығыс елі, Кореяны – таңғы шық елі, Нидерландыны – қызғалдақтардың отаны, Қытайды – аспанасты елі деп жатамыз. Қазақстанға да осындай атаулы бренд жетіспейді. Біз – Ұлы даланың перзенттеріміз. Біздің бабаларымыз осы далада өмір сүріп, көкке табынған. Тәңірі дегеніміздің өзі – көк аспан. Біздің туымыздың көк түсті болуының астарында да осындай сыр бар. Бірегей көк түс – еліміздің бірлігінің белгісі. Ендеше, бізге неге өзімізді Ұлы дала еліміз деп атамасқа?!" деген еді.

Расында да, бұл ойланарлық мәселе. "Мың өліп, мың тіріліп" (Ж.Молдағалиев) барып осы күнге жеткен, қандай қиындыққа болсын төзе білетін халқымыздың бойындағы игі қасиеттерді өзгелер де көріп, біліп отыр. Ал, Қазақстан табиғатының ерек-



шелігін сипаттауға тіл жетпейді. Ықылым заманнан қазақ халқы Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейінгі көсіліп жатқан байтақ даланы мекендеп келеді. Қазақ елінің – кең байтақ та дархан даласымен мақтануына қай жағынан алып қарасақ та жөні бар. Әр төбе, әр шоқысы, әрбір жазық жерінің өзі тұнған тарих емес пе?! Сонау ықылым заман-

нан бері сақталып келген ежелгі жұртымыз туралы небір саяхатшылар мен жиһанкездер өз ойларын тасқа жазып кеткен ғой. Ал, жер қойнауынан табылып жатқан құнды жәдігерлеріміз бен археологиялық ескерткіштеріміз қаншама?! Ендеше, бай тарихымыз бен біздің бабаларымыздың данышпандығын дәлелдейтін мәліметтерге сүйене отырып, біз жаңа бренд ойлап табуымыз қажет. Өйткені, әр адам туып-өскен жерін, елін құрметтеуі арқылы өз ұлтына деген сүйіспеншілігі де берік болып қалыптасары анық. Осы арқылы айбынымызды асырып, мәртебемізді неге биіктетпеске?!

Осы жерде түркі халқының ұлы перзенттерінің бірі Ататүріктің мына сөзі еске түседі. "Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезіміміз, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн". Ден қоятын-ақ сөз. Елбасының сөзі бәрімізді ойландыруи тиіс. Олай болса, Туында алтын күн бейнеленген мәңгілік аспан астындағы киелі өлкені "Ұлы дала елі" деп атау өте орынды.

Күлзада МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

"Біздер — Ұлы даланың ұрпағымыз"

біздер Қазақстанды бейресми тұрғыдан "Ұлы дала елі" деп атағанымыз жөн болады.

Расында да, жапондар өздерін күншығыс еліміз, қытай аспан асты еліміз, көрістер таңғы шық еліміз деп бейресми атап келеді. Бұдан былай қазақ жерін – Ұлы Дала елі, қазақтарды Ұлы Дала перзенттері деп халықаралық аренада атаса, нұр үстіне нұр болмақ.

Елбасы белгілі ақын Ғафу Қайырбековтің "Басқаның патшасының бәрі жақсы, нәліктен біздің хандар жаман болған" деп ашына айтқан сөзін мысалға ала отырып, "Бұл ұлт жадының тамы-

рына балта шабуға арналған. Осындай сұрқай саясаттың небәрі ширек ғасыр бұрын орын алғанына сенудің өзі қиын. Бірақ, кеңес заманының ащы шындығы осылай болатын. Тәуелсіздік қазақ халқының өткенін жандырып, өшкенін тірілтіп", – деп тәу етер тәуелсіздіктің құндылығына тоқталды.

Сондықтан да біздер – қазақтар Ұлы даланың ұрпағымыз, ал, мынау ұланғайыр атырап – Ұлы Дала елі! Бұл біздің елге, жерге деген патриоттық сезімімізді одан әрі оята түспек! Келешек ұрпақты да осы рухта тәрбиелей береміз.



Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Халықаралық конференцияда Елбасы Н.Назарбаевтың біздің ұлан-ғайыр даламызды кезінде бабаларымыз "Ұлы Дала", ал, бізді Ұлы дала перзенттері деп атағанын әңгімеледі.

Кейін "Қазақстан" ұлттық телеарнасына берген сұхбатында да осы төңіректе пікірін өрбітті. Енді

Нұрлыбек ЕЛКЕЙ,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы,
тарих магистрі

"Ұлан-ғайыр атырап — қазақтың алтын бесігі"

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткен мерекелік іс-шараның маңыздылығы еліміз үшін өте ерекше. Қазақ хандығын құруға атсалысқан тайпалар тарихы сонау сақ, ғұндардан бастау алады. Содан бері қарай орын алған түрлі тарихи және этникалық процесстер нәтижесінде Қазақ хандығы құрылған. Әрине, ішкі ынтымақтың берік болмағандығынан оны сыртқы дұшпандар сан мәрте жаулады. Енді, міне, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Тәуелсіз еліміздің өткеніне көз салып, тарихымызды зерделеуге мүмкіндік туды.

Жоғалған дүниелерімізді

қайта тауып, үзілген жерін жалғап, тарихты өз қалпына келтіру жолындамыз. Ата-бабамыздың жүріп өткен жолына үңіліп, шыққан тегімізді танудамыз. Осындай үлгі-өнегеге толы істің нәтижесінде өзімізді Ұлы даланың мұрагері ретінде сезінудеміз. Елбасымыз айтқандай, біз – Ұлы Дала өркенітінің елі боламыз. Сол үшін біз өз тарихымызбен, өз мәдениетімізбен, өз мемлекеттілігімізбен әрқашан мақтана аламыз. Себебі, біздің мәдениетіміз бай, тарихымыз мол, рухымыз биік. Осы рухымыз арқылы кез-келген қиындықтан өтеміз және Ұлы Дала жеріндегі Мәңгілік Ел боламыз.



Мемлекет басшысы "Қазақстан" ұлттық телеарнасына берген сұхбатында "Ұлы Дала ұғымы – баяғыдан бар ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған" деді. Біздің қазіргі жайлаған жерімізді сонау бағзы заманда біздің ата-бабамыз мұраға қалдырған. Өз еншіміздегі ұлан-ғайыр атырапты "Ұлы дала Елі" деп атасақ жараспай ма?!

Тобыл Торғай Тынысы



Тағы бір ұшақ қосылады

Облыста. "Qazaq Air" қазақстандық әуе компаниясы өзінің аймақтық әуе қатынастары желісін кеңейтті. 2015 жылғы 17 қыркүйектен бастап Қостанай мен Алматының арасын байланыстыратын жаңа бағыт ашады. Алматы – Қостанай рейсінің ұзақтығы – 2 сағат 35 минут. Жолаушылар сыйымдылығы – 78 орын. Ұшудың құны бір бағытқа эконом класс бойынша – 15 496 теңге.

Мамандар семинар өткізді

Қостанай. Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары ВИЧ/СПИД дертінен сақтану, оның алдын алу жолдарын насихаттау мақсатында медицина мамандарының басын қосқан арнайы семинар-кеңес өткізді. Мамандардың айтуынша, бүгінгі таңда кеселдің кесірінен өңірде 354 адам көз жұмса, оны жұқтырғандардың саны 1500-ге жеткен. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда көп.

Қатерлі ауру дендеді

Қарабалық. Имун тапшылығы вирусының таралуы жөнінен аудан облыста Қостанай мен Рудный қалаларынан кейінгі үшінші орында тұр. Жыл басынан бергі жеті айдың қорытындысы бойынша ауданнан осы қатерлі ауруды жұқтырған екі адам тіркелген. Өткен жылы мұндай жағдай болмаған. Бүгінде ауданда ғасыр індетінің тырнағына ілінген 18 адам тіркеуде. Ал, АИТВ-мен ауыратын жүкті әйелдердің саны бесеуге жеткен.

Тартысқа толы турнир

Науырзым. Денсаулық күні Қараменді селосының орталық стадионында мини-футболдан жарыс өтті. Ондағы мақсат – жастарды салауатты өмірге тәрбиелеу. Ойынға бес команда қатысты. Турнир өте тартысты, әрі қызықты өтті. Бірінші орынды Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты, екінші орынды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрама командасы, үшінші орынды Жамбыл орта мектебінің оқушылары иеленіп, ақшалай сыйлық және арнайы грамоталармен марапатталды.

Жұмыспен қамту жалғасуда

Қостанай ауд. Биыл "Бизнестің жол картасы – 2020" және "Жұмыспен қамтудың жол картасы" бағдарламасы бойынша төрт инновациялық жоба қаржыландыруға ұсынылды. "Даму" қорынан грант алуға 10 жоба қатысқан. Бұл былтырғы жылға қарағанда кем.

Жұмыспен қамту жөніндегі бөлімге соңғы сегіз айдың нәтижесінде 671 адам келіп, 341 жан әлеуметтік келісім-шартқа қол қойып, бағдарламаға қатысыпты.

Қамқорлық – балаларға

Ұзынкөл. Аудандық білім бөлімінің жетекшісі А.Малғаеваның айтуынша, "Мектепке жол", "Қамқорлық" қайырымдылық шарасы аясында мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, жеке кәсіпкерлердің, шаруа қожалықтарының қосқан үлесі аз емес, атап айтқанда, 148 оқушыға 888600 теңгеге материалдық көмек ретінде мектеп-спорт формасы, аяқ киім, оқу құралдары, кеңсе тауарларын сатып алып берді.

Тазалық пен шығармашылық үйлескенде

Қарасу. Білім беру мекемелері арасында ұйымдастырылған "Таза мектеп" байқауына отыз мектеп қатысты. Мектеп оқушылары ұстаздарымен бірге оқу жылы бойы, жазғы демалыс кезінде де мектеп ауласын, спорт алаңын таза ұстап, ағаш көшеттерін отырғызып, гүлдерді баптап, күтті. "Жасыл күзетші" және еңбек бригадалары мектеп жанындағы учаскелерде жұмыс істеді. Нәтижесінде бірінші орынды Октябрь, Люблин, Қараман орта мектептері мен Жамбыл негізгі орта мектебі жеңіп алды.

● ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

"Нұр Отан" өңірдегі жұмысты күшейтеді

Партияның соңғы Бюросында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қазіргі уақытта жетекші саяси күш ретінде "Нұр Отанның" алдында тұрған маңызды міндеттерді нақтылап айтты. Партияға қазақстандықтарды Бес институционалдық реформаны және "100 нақты қадам" жоспарын жүзеге асыруға жұмылдыруды, "Нұрлы жол" бағдарламасының орындалуына бақылау орнатуды тапсырды. Қоғамда бірлікті бекемдеп, өңірлермен жұмысты күшейтуге жекелей тоқталды.

Елбасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында партия жұмысын жетілдіруге белсене кіріскен партия Төрағасының Бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов жұмыс сапарымен өткен аптада Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында, Алматы мен Семей қалаларында болды. Аймақтағы партия қызметімен жан-жақты танысты. Партияның жергілікті құрылымдары тарапынан айтылған көптеген ұсыныстарға құлақ түріп, түйінді мәселелерді шешу жөнінде ашық пікір алмасқан Асқар Мырзахметов саяси ұйымның барлық құрылымы алдағы уақытта күш салуға тиісті мақсат-міндеттерге өзгедей-тегжейлі тоқталды.



Алдағы уақытта бас партияның халықтың игілігі жолындағы іс-қимылдары келесі бағыттарда өрбімек.

Бірінші. Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына, мемлекет қаржысының тиімді жұмсалыуына партиялық бақылау мен бағалаудың тұрақты жүйесін қалыптастыру. Себебі, партияның Сайлауалды тұғырнамасы осы бағдарламалармен тікелей байланысты.

Екінші. Қоғамдық қабылдаулардағы арыз-шағымдарды екінші жағынан да талдау. Яғни, қайталанып отырған немесе созылып, шешілмей келе жатқан шағымның себебін, қандай орган жұмысына байланысты түскенін, қай жерде, қандай лауазым иесі шешпегенін анықтап, шара қолдану.

Үшінші. Бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандырып, жүйелеу, Орталық аппарат пен өңірлер арасында тығыз байланыс орнату. Ол үшін барлық аймақтық филиалдарға нақты индикаторлар белгіленіп, күн тәртібіндегі міндеттер межеленіп, жұмыс нәтижесі бағаланатын болады. Сонымен қатар, жергілікті жердегі партияның құрылымдарында қойылып отырған міндеттерді өз дәрежесінде орындау үшін тиісті жағдай жасалады. Сол арқылы партияның негізгі күші саналатын 6 мыңға жуық бастауыш партия ұйымдарының жұмысын үйлестіру қажет. Айталық, жиналатын партиялық жарғының белгілі бір мөлшерін өңірлердің өздеріне қалдыру. Материалдық қолдаумен бірге моральдық ынталандыру да қолға алынбақ. Жергілікті жердегі партия белсенділерін депутаттыққа, партиялық және мемлекеттік қызметке кеңінен тарту қажет.

Төртінші. "Жас Отанның" жұмысын практикалық тұрғыдан жүргізуге, яғни, нақты іске көшу. Бұл үшін жастар саясаты саласындағы барлық бағдарламаларға талдау жүргізіліп, олардың тиімділігі бағаланып, Жастар қанаты оларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға тиіс. Сонымен бірге бағдарламалардан бөлек, жалпы жастар тәрбиесі, рухани құндылықтар, салт-дәстүр сабақтастығына ерекше назар аударылып, нақты жұмыстар атқарылуы керек.

Бесінші. Партияның Парламенттегі

мүмкіндігін барынша кеңінен пайдалану. Яғни, партия фракциялары арқылы халықтың, өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы, басқа да салалардағы көкейкесті мәселелерді шешетін заңнамалық құжаттардың дер кезінде қабылдануына ықпал ету. Парламенттік фракциямен жергілікті мәслихаттардағы нұротандық депутаттармен жүйелі, тұрақты байланыс орнату. Аудандық, облыстық мәслихаттардағы партия құрылымдарының жұмысында да нақты индикаторлар белгіленіп, бағалау жүйесін енгізу. Партияның атынан мәслихат депутаттығына үміткерлерді анықтаудың ережесін бекіту.

Алтыншы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы идеология мен жұмыс барлық деңгейдегі, оның ішінде жергілікті жердегі партиялық құрылымдар тартыла отырып, күшейту. Партия жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестер аудандық деңгейде де ұйымдастырылып, ережесін бекіту.

Сонымен қатар, "Нұр Отан" партиясының өңірлердегі анықталып отырған өзекті мәселелердің ай сайын Үкіметте өтетін арнайы кездесуде қаралып отыруы бойынша тиісті келісімнің жасалғаны айтылды. Мақсат – туындаған мәселелердің уақыт күттірмей тезірек оң шешілуіне ықпал ету.

Бұған қоса, партия қызметінің негізгі бағыттары бойынша облыстық, қалалық филиал басшыларымен, яғни, әкімдермен нақты жұмыс жоспары түзілмек, ай сайын филиалдар жұмысының нәтижесі анықталып отырмақ.

Тағы бір мәселе, алдағы уақытта партияның бірыңғай жаңа медиа саясаты түзіледі. Ол Елбасы саясатымен мемлекет тарапынан халықтың игілігі жолында атқарылып жатқан ілкімді іс-шараларды жұртшылыққа кеңінен насихаттау, партияның қоғамның бірлігін бекемдеудегі қызметін жүйелі жолға қою бағытында өрбімек. БАҚ-та, оның ішінде партияның "Нұр Медиа" холдингіне қарасты басылымдар мен телеарнада өңірлердегі нақты жұмыстарды көрсететін арнайы айдарлар ашылмақ.

Орталық аппараттың шығындары ықшамдалып, қажеттілігі шамалы есеп-

тердің, іс-қағаздардың саны қысқартылып, өңірлерге бекітілген инспекторлардың міндетті түрде ай сайын облыстарға шығып тұруы жөнінде де шешімдердің қабылданып жатқандығы жеткізілді.

Партия Төрағасы Бірінші орынбасары Оңтүстік Қазақстанға сапарында облыс басшысы Бейбіт Атамқұловты Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағалығына сайлау конференциясына қатысты, алдағы міндеттердің орындалуына тілектестігін білдірді.

Алматы қалалық филиалдың кезектен тыс конференциясында Асқар Мырзахметов филиалдың бұрынғы төрағасы Ахметжан Есімовтің партияға халықтың сенімін арттыру жолындағы еңбегіне алғыс айтып, жиын барысында сайланған жаңа төраға – Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің жұмысына табыс тіледі.

Жұмыс сапары барысында барлық өңірде Саяси Кеңес мүшелері, партия фракциясының мүшелері, бастауыш партия өкілдері, партия белсенділері, "Жас Отан" өкілдері қатысқан жергілікті партия активінде өңірлік құрылымдар жұмысындағы қордаланған мәселелер кеңінен талқыланды. Осыған орай филиал басшылары, бастауыш партия өкілдері, өңір тұрғындары өз ұсыныстарын айтты.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда партияластар тарапынан аудандық, қалалық филиалдарда кадр мәселесі бойынша бірқатар өзгерістер енгізу мәселесі көтерілді. Бүгінде жергілікті өңірдегі филиалдарда құрамында мүшелер саны 5 мың болса да, 50 мың болса да штатта тек 3 қызметкерден бар. Орталық аппарат тарапынан жыл басында партия мүшелерінің санына қарай штаттық кестені көбейту туралы бұйрық шығарылғанымен, ол бүгінгі күнге дейін жүзеге аспай отыр. Осыған байланысты штаттық кестені бекіту барысында аудан, облыс халқының саны ескерілсе деді, партия белсенділері.

Ал, Жамбыл облысында болған жиында бастауыш партия ұйымдары төрағаларының жұмысын ынталандыру мәселесі көтерілді. Бастауыш партия ұйымдары төрағаларының негізгі қызметі бар болғандықтан, партия ұйымының іс-қағазда-

рын жүргізуге көбіне уақыты да бола бермейді. Сондықтан, партиялық жұмыстың басты бағыттарын қамтитын "Бастауыш партия ұйымының электрондық кітапшасы" әзірленсе деген өтініш айтылды. Сонымен қатар, бастауыш ұйымдарды жеке жұмыс орнымен, яғни, материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету де аса өзекті екені белгілі болды.

Алматы облысында партияластар тарапынан көтерілген мәселенің бірі – жастар мәселесі болды. "Жас Отан" жастар қанаты бөлімшелерінің төрағалары қоғамдық негізде қызмет атқаруда. Осы ретте бұл жұмысты одан әрі жандандыру мақсатында аудандық, қалалық бөлімшелерге бір штаттық бірліктен бөлінсе деген ұсыныс тасталды. Сонымен қатар, жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу бойынша да шешімін таппай тұрған жайттар айтылды.

Шығыс өңірде әсіресе шағын және орта бизнес өкілдері кәсіпкерлікті реттейтін заңнамалық құжаттарға тездетіп өзгертулер енгізу бойынша партия тарапынан көмек күтетінін жеткізді.

Бүгінгі күні әсіресе шығыс өңірдің кәсіпкерлерін ойлантып отырғаны – көрші елдермен алыс-беріске қатысты кедергілер.

"Қазақстан шағын бизнес өкілдері мен Ресей кәсіпкерлері үшін талап бірдей емес. Мысалы, Ресейде ауылшаруашылық өнімдері 5 жылда бір рет сертификатталады, ал Қазақстанда жыл сайын сертификатталады. Әрине бұның барлығы ақылы. Бұған қоса шағын бизнеске салықтық жүктеме тым көп", дейді ШҚО кәсіпкерлер палатасының директоры Игорь Шацкий.

Атырау облысында "Сенім" бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақытгүл Хаменова электрондық қоғамдық қабылдау базасы регламентіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу қажет екеніне тоқталды. "База талаптары бойынша азаматтар өтініштерінің орындалуы туралы мәлімет 1 айдың ішінде жолдануы қажет. Алайда, кей жағдайда мәселелерінің өзектілігіне қарай оларды заң шеңберінде шешуге кемінде 2-3 ай жұмсалады. Ал бұл кезде электронды база мәліметтерді қабылдамайды", дейді ол.

Сонымен қатар, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында жергілікті партияластар тарапынан депутаттық фракциялар жұмысын жандандыру, облыстық филиалда мәслихаттардағы депутаттық фракциялардың жұмысын үйлестіру механизмдерін енгізу мәселелері көтерілді.

Сайлауалды тұғырнаманы іске асыру бойынша жылына бір рет Парламент депутаттарының қатысуымен облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардағы "Нұр Отан" фракцияларының бірлескен отырысын өткізу, депутаттар қызметіне рейтингтік бағалауды енгізу ұсынылды.

Сондай-ақ, партияның бір-бірін қайталайтын "Бақытты балалық", "Бақытты отбасы" сияқты жобаларын біріктіру, біртұтас, мақсаты айқын, ең бастысы – іске асыру жолдары анық жобаларды қолданысқа енгізу жайы да айтылды.

"Апта сайын өтетін жиын мен басқосудың саны емес, сапасы маңызды. Қоғамдық қабылдауға үміт артып, көмек сұрап келген әр адамның арызы қараусыз қалмай, кедергі мен қиындықтың түп-төркіні анықталуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, күнделікті, нақты жұмыс жүйесіне ауысуымыз – Елбасының да, бүгінгі күннің де талабы".

"Нұр Отан" партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары өңірлерге сапарын түйіндеген жиында осылай деді.

Асқар Мырзахметов жергілікті партияластар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерге байланысты партия нақты шешімдер қабылдайтынын атап өтті. Қыркүйек айының аяғына дейін бұл шешімдер қабылданып, өңірлердің штатына, қаржыландыруға, ұйымдастыру, материалдық техникалық базасы және тағы басқа да мәселелерге байланысты өзгерістер енгізілмек.

Өз үйіңде өзің қожда, өзің би

Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алып жатқан қалалықтардың саны көбеюде. Кейде сол баспаналы болған азаматтарды көріп қуанасың. Өзгенің қуанышына ортақтасып, өзің де үй алғандай күй кешесің. Қалада өзіңе тиесілі пәтерің болса алаңсыз өмір сүрерің хақ. Дана халқымыз «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп бекер айтпаса керек.

КСК шағын ауданындағы бір топ отбасы биылғы шілде айында жалдамалы пәтерлерге қол жеткізді. Баспаналы болған қалалықтармен сұхбаттасып, тұрмыс-тіршіліктерімен танысып қайтқан едік. Біздің бағытымыз – Герцен көшесі 36А және Герцен көшесі 36Б мекенжайындағы қос үй. Тоғыз қабатты екі үй бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Зәулім ғимарат анадайдан көзге түседі. Ауласы да тып-тыныш. Тұрғын үйлерге №3 және №9 мектептер жақын орналасқан. Яғни, балалардың оқуға баруына ыңғайлы. Автобус аялдамалары да қашық емес. Бұл үйлердің сыртқы көрінісі көз тартады. Ал іші қандай? Өмір сүруге қолайлы ма?

Жаңа үйдің тұрғындарымен кездесуге асықтық. Бізді Зайра әже мен Еркін ата қарсы алды. Немерелерін бағып отырған ата-әже Алтынсарин ауданы, Первомайское ауылынан көшіп келген. Қалада тұрып жатқандарына үшінші жыл. Екі қызы Астанада, бір-бір үйдің отанасы атанған. Балаларға жақын болайық деген оймен Қостанай қаласына қоныстаныпты. Қазір ортаншы қызы Гүлмира мен күйеу баласы Алматының қолында, немерелерін бағып отыр. Жетпісті алқымдаған атамыз қала тірлігі туралы әңгімелеп, жаңа үйдің артықшылықтарын тізіп баяндап берді.

– Ауылда өсіп-өнген адамның қала тірлігімен біте қайнасып кетуі мүмкін емес шығар. Өйткені біз ауылға тамырымызбен байланғанбыз. Ауыл десе елендеп тұрамыз. Біздің жастық шағымыз сол жерде өтті. Сондықтан бір бүйрегіміз бұрып тұрады. Ауылда бәріне сыйлысың, бәрімен сыйласасың. Қаладағы тірлік, қарым-қатынас басқаша. Мұнда сүрініп жатсаң сүйеу болар жан табуың қиын. Қала үлкен кісілердің өмір сүруіне қолайлы. Су, газ, жарық бәрі үйіңе келіп тұрады. Оның үстіне адам жақсыға тең үйренеді емес пе, – дейді Еркін Байкенжин.

Зайра әжемиз жаңа үй-

дегі көршілерімен танысып алыпты. Әрқайсысының ұялы телефон нөмірлерін де жазып алған. Әжемиздің бұл қылығын Еркін атай «Іші пысканда қонаққа барайын дегені ғой» деп әзілдеді.

Ерлі-зайыптылар Гүлмира мен Алмат Сыздықовтың бір ұл, бір қызы бар. Үлкені Аружан 6 сыныпта оқиды. Ол мектептегі вокал үйірмесіне барып жүр. Аружанның арманы әнші болу. Ұлы Аян биыл 1 сыныптың табалдырығын аттады. Аянды болашақ футболшы десек артық болмас. Себебі, ол жергілікті «Тобыл» футбол командасының құрамына алынды. Ата-анасы жү-



лі-зайыптылар 2011 жылы «Қазақстанның тұрғын үй

шаршағаныңды басасың. Өз үйіңде еркін демаласың, – дейді Сәуле Лепесова.

Ерлі-зайыптылардың Әлина және Әлия есімді екі қызы бар. Үлкені 6 сыныпта, ал кішісі 1 сыныпта оқиды. Сәуле Лепесова мектепте мұғалім. Жолдасы Мұхит электрші болып жұмыс істейді. Күндіз үйдегі үлкендер жұмыста, ал балалары оқуда болады. Сондықтан бұл үйдегілер кешкі мезгілде мәре-сәре болып бәрі бас қосады. Балалары мектептің қызықтарын айтып тауыса алар емес. Ата-ана болса қыздарының әңгімесін тыңдаудан жалықпайды. Мейірімге толы осы үй бізге ерекше әсер етті. Пәтер іші қымбат жиназдармен безендірілмесе де тартымды еді. Өйткені бұл үйден балалардың күлкісін ести аласыз.

– Күз басталғалы бері күн сутып кетті ғой. Бәлкім, содан болар үйдің іші салқын болып тұр. Оған қоса қала бойынша жылу беру маусымы басталған жоқ. Үйге қатысты басқа алып-қосарым жоқ, – дейді Мұхит Лепесов.

Бұл отбасының әр мүшесі жаңа үйді безендіріп, тазалығын сақтауға асық тұрады. Жуырда ғана туыстардың басын қосып, қоныс тойын да тойлапты. Отанасы Сәуле өз үйіне деген көзқарастың басқаша боларын айтты. Осы орайда белгілі ақын Қадыр Мырза Әлінің «Өз үйің» деген мына өлең жолдары ойға оралады.

«Өз үйіңде бір сәт
тыным таппайсың,
Бірде жуып,
Бірде сырлап,
Ақтайсың.
Өз үйіңе, керек болса,
киізсің,
Өз үйіңе, керек болса,
тақтайсың».

СУРЕТТЕРДЕ: Мұхит пен Сәуле Лепесовтар; жаңа үйдің сыртқы көрінісі.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

«...Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге бапынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауынан.



мысқа кеткенде балақайлар білмегендерін ата-әжесінен сұрайды.

– Көршілеріміздің дені қазақтар. Өзіміз секілді ауылдан көшіп келгендері де бар. Жаңа үй біз үшін жайлы қоныс болып отыр. Пәтердің іші жаңа, жарық. Салқын су, ыстық суы, газ бен жарық, бәрі бар. Азық-түлік дүкені де жақын орналасқан. Немерелеріміз баратын мектеп те тиіп тұр. Бұдан артық не керек?, – дейді Зайра әже.

Келесі кейіпкеріміз Сәуле және Мұхит Лепесовтер. Ер-

құрылыс жинақтаушы банкі» АҚ-нан депозит ашқан. Сол уақыттан бері есеп-шотқа ай сайын тұрақты түрде ақша салып отырды. Төрт жылдан соң өздеріне тиесілі жеке шаңыраққа ие болды. Ерлі-зайыптыларға мемлекет тарапынан екі бөлмелі пәтер бұйырған екен.

– Халқымызда «Өз үйім – өлең төсегім» деген бар емес пе. Жеке басына тиесілі пәтердің болғанына не жетсін. Тұрмыстық қиындықтардан, айналадағы шуылдан жалыққан сәтте үйге келіп,

• ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Адамгершілік мектебі

Жаз айлары бойына «Сенім – Вера» мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық бірлестігі аудан аумағындағы ауыл, ауылдық округтердегі мүмкіндігі шектеулі азаматтармен кездесіп, жиындар өткізді. Оның ішінде, жақында Жаркөл және Сужарған ауылдық округтеріне барып, мүгедек жандармен тренинг ойындарын өткізіп келді.

«Жаркөл ауылдық округі бойынша жиырма бес кембағал жан болса, соның жиырма қатысып, көңілдері бір көтеріліп қалды», – дейді ұйым басшысы.

«Сенім – Вера» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ақмарал Досмақова тренинг барысында сөз алып, мүмкіндігі шектеулі жандардың хал-жағдайын сұрасып, оларды ауыл, аудан орталықтарында өтетін кез-келген мәдени-спорттық іс-шаралардан қалыс қалмай, мүмкіндігі келгенше араласып отыруға шақырды.

Сондай-ақ, бірлестік мүшелері мен ауыл тұрғындары пікірлесіп, оялары мен жоспарларын ортаға салып, кейбіреулері алдағы уақытта осындай іс-шаралардан қалмай атсалысып отыруға уәделерін де берді.

Бұл тренинг ойындарына қатынасқан кембағал жандарға ескерткіш сыйлықтар табысталды.

Ислам – бейбітшілік діні

Жоғарыда аталмыш ұйымның жетекшілігімен аудан орталығында «Ислам – бейбітшілік діні» атты мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында тағылымдық сағат өтті. Негізгі мақсаты – діннің тазалығы, қадірін бағалау, сондай-ақ, бүгінгі бейбіт өмірде әлем елдерінде болып жатқан террорлық әрекеттерден жас ұрпақты сақтау.

Жиынға аудан орталығындағы «Оспанқожа Әулие» атындағы Торғай мешітінің наиб имамы Жасұлан Бекмағанбетов қатысып, ислам дінінің тазалығы жайлы айтып, көпшілікті тың деректермен таныстырды.

Жиналғандар арасынан имаммен пікір алысып, алдағы уақытта мектеп оқушылары мен жастар арасында да әдеп пен имандық сағаттардың көптеп өтуі – терроризм мен діни экстремизмнің алдын алуға үлкен түсінік жұмыстары болатындығын айтты.

Гүлім ЫСМАҒҰЛ.

Жангелдин ауданы.

● ДІНИҢ-ДІҢГЕГІҢ



Юлия ДЕНИСЕНКО:

“Абайлаңыз, теріс ағым!”

— Юлия Олеговна, әңгіме-мізді өзіңізден бастасақ, Сіздің дін саласында жұмыс істегеніңізге көп болды ма? Теріс ағымдардың қоғамға зияндылығы туралы не айтасыз?

— Менің негізгі мамандығым журналист. Дін істеріне байланысты сарапшылық қызметім де осы журналистикадан басталды. 2005 жылдан бастап, аймақтық "Костанайские новости" газетінде өзімнің мамандығым бойынша қызметімді бастадым. Сол кезде дін істеріне үлкен көңіл бөліп, менің осы тақырыпқа мамандануыма ықпал еткен бас редакторымыз Сергей Харченкоға ризашылығымды білдіремін. Мен алғаш рет осы газетте дін істері тақырыбын қаузап жүрген шағымнан бастап бүлдіргіш секталарды әшкерелеуге қатты көңіл бөле бастадым. Соның ішінде Қостанай өңірінде православие шіркеуінің атын жамылып белсенді әрекет еткен "Иоанн Богославтың шіркеуі" атты секта жұмысының зияндылығын әшкере қылуды қолға алдым. Оның басшысы өзінің сектасына адамдарды интернет арқылы тартқан. Шын мәнінде оның уағыздарының православиеге еш қатысы жоқ, тек атын жамылған. Осы сектаның зиянды қызметін әшкерелеп жазған мақалам бойынша еліміздің Бас прокуратурасы сектаның экстремистік зияндылығы бар деп тауып, оның қызметі мен сайтының Қазақстан аумағында жұмыс істеуіне тыйым салды. Зиянкес секталардың әрекеттеріне жандүнием қарсы болды, өйткені олардың ықпалына түсіп кеткен жақындарын жоқтаған жандардың жанайқайы мені бей-жай қалдырмады. Тіпті, олардың трагедиясын газетте жазудың өзі аздық ететініне көзім жетті. Сондықтан олармен іс жүзінде күресу керек деп шештім. Осы себепті, 2007 жылы Қазақстанда тұңғыш рет зиянкес секталардан

жапа шеккендерге көмек беру қорын аштым. Қазір ондай қорлардың саны көбейіп, отыз шақты болды. Бүгінгі күні бізге келген ондай адамдардың саны мыңдап саналады. Сіздің сұрағыңызға орай олардың қаншалықты зиянды екендігіне де тоқталайын. Біз оларды "бүлдіргіш" секталар деп тегін атамаймыз, өйткені, олардың әрекеттері шын мәнінде бүлдіргі қылықтарға бастайды. Адамның жеке басын еріктілігінен, ата-анасы, жақындары, туыстарымен байланыс-тарын үзуге шақыратын олар өздеріне тартқан жанның санасына жаңа мазмұндағы тұрпат қалыптастыруға тырысады. Олардың негізгі міндеті сектаның мүддесіне ғана сай қызмет ететін осындай адамдарды жасау үшін неше түрлі амалдар мен айла-арналарды ойлап тапқан. Соның ішінде психикалық тұрғыдан әсер ету жолдарын біледі. Тіпті, бір-бірінен де үйреніп, жетпегенін толықтырып, әйтеуір адамды қалыптасқан санасынан адастырып, адамгершілік нормаларын керек қылмайтын теріс жолға түсіреді. Мәселен, олар ата-ананы мойындамауға, олардың айтқан жанашырлық ақылдарын қабылдамауға, отбасын керек қылмауға үндейді. Тіпті, өзінен туған балаларды да өзімен бірге теріс жолға түспесе қатыгездікпен қинау, жазалау жолдарын үйретеді. Кейбір адамдарды күйзелістен психикалық ауруларға ұшыратып, зардап шегуге немесе өзіне өзі қол салуға дейін жеткізеді. Міне, сондықтан бұл секталардың әрекеті өте қауіпті. Ең қиыны — осындай жолға түскен адамдар арасынан өзара отбасын құрып алғандар да көп. Өздерінің адасқанымен қоймай олар енді балаларын сектаға тартуда. Оларға дұрыс жолға түсу туралы басқалардың, соның ішінде ата-аналарының айтқанының бәрі "жынның сөзі"

Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында дінге байланысты: "Біз діни ұрандар ұстанған экстремизмді, діни ілімдерді сырттан саясиландыруға деген талпыныстарды, біздің халқымызға біз үшін бөгде діни көзқарастар мен идеяларды күштеп таңуды барынша теріске шығарамыз" деген еді. Сұхбатымызда дін атын жамылған теріс ағымдар туралы айтылады. Осы жөнінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитетімен тікелей қызмет ететін "Эксперт-2050" қоғамының президенті Юлия Денисенконы әңгімеге тартқан едік.

болып саналады. Дұрыс ақыл айтқанның бәрін олар "теріс жолдағылар" деп есептейді және оларға деген өшпенділігін ашық көрсетеді. Сайып келгенде, мұндай секталардың мақсаты қоғамның тұрақтылығын бұзу арқылы өздеріне мол табыс табуға бағытталған. Тіпті, билікті де күшпен өзгертіп, өздерінің тілегіне сай мемлекет құруды армандайтындары да бар. Мұндайлар әсіресе, экстремистік топтар арасынан табылады. Міне, қысқаша айтқанда, бүлдіргіш секталардың осындай зиянкес әрекеттері белгілі болып отыр.

қалыпты өмірге тарту оңай емес. Бұл іске көптеген мамандардың бірлескен ісін ұйымдастыру керек. Атап айтқанда, жалғыз психолог емес, дін өкілі, мәдениеттанушы, педагог, саясаттанушы сияқты мамандардың да кеңестері керек болады. Өйткені, бүлдіргіш секта дегеніміздің өзі ақша мен билікті бір адамның қолына шоғырландырған авторитарлық ұйым ғой. Өзіне сөзсіз бағындыру үшін оның көшбасшысы барлық әдістерді, соның ішінде біз атаған мамандықтардың амал-айлаларын да қолданады. Сондықтан оның сырын

ашық әрекет етеді. Осы сектаның жұмыстарына қарап адамның алдануға да бейім екеніне көз жеткізесіз. Ақыл-есі дұрыс адамның өзін өмірге әкеліп, өсіріп-өндіріп, тәрбиелеп, адам еткен ата-анасынан бас тартып, Фархат ата мен оның әйелі Нинаны өке-шешем деп таңуға баруын түсіну қиын.

— Біздің кейбір көрші елдерімізде "Свидетели Иегова" және сол сияқты тағы басқа секталарға заңмен тыйым салынған. Бізде неге солай етпеске?

— Бұл сұрақты маған түрлі кездесулер, тренингтер өткізген кезімде жиі қояды. Біздің 1992 жылы қабылданған "Дін істері туралы" заңымыз барынша либералды болып, адамның жандүниесіне шабуыл жасайтын барлық ағымдарға есігімізді шалқасынан ашып тастады. Елімізге тамыр жайып, әрекеттерін ұлғайтып алған зиянкестігі белгілі кейбір діни бірлестіктерді соңынан шыққан заңдарымызбен жабуға мүмкіншілік болмады. Өйткені, бұл жерде адам құқығын бұзуға жол беріп алатын едік. Сондықтан, қандай да бір дәстүрлі емес діни бірлестіктердің әрекетіне тыйым салу үшін оның жеке адамдарға, қоғамға зиянкестігін нақты фактілермен дәлелдеу керек болып отыр. Ал бұл жұмыс оңай емес. Оның үстіне біздің адамдарымыз белсенді әрекеттен бұғып қалып, қынжылстарын тек ас үйде ғана айтуға тоталитарлық заманнан үйренген. Сол қалыптан шыға алмағандықтан теріс ағымдарға қарсы күрестің тиімділігі де төмен болып отыр.

— Енді әңгімемізді, өзіңіз ашқан орталықтың жұмысына ойысайық. Не тындырып жатырсыздар?

— Біз қазір "114 — жедел байланыс" жобасын іске асырудамыз. Оның мақсаты — дәстүрлі емес діни бірлестіктердің, жат пиғылды ағымдардың арам пиғылдарын әшкерелеуге бағытталған. Біз жеке адамдарға және олардың туыстарына қоғамға жат, діни ағымдарды насихаттаған немесе соған тартқысы келген жағдайда, күмәнді кітапшалар, журналдар мен парақшаларды таратып немесе оларды көше бағандарына жапсырып жүрген адамдарды көрсе бізге хабарласуын өтінеміз. Біз өз тарапымыздан қажетті кеңес бере аламыз. Осындай істерімізді ұнатпайтындар бізді қорқытып, үркіту әрекеттерін де жасап жатыр.

— Жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз тәуекелді де қажет ететін сияқты. Қорықпайсыздар ма?

— Жоқ. Өз ісіміздің дұрыстығын білген соң біз ешқандай қорқаң-лоқыдан қорықпаймыз.

Әңгімелескен
Шұға ҚОҢҚАБАЙ.

әшкерелеп, адамның басынан теріс ықпалды шығару үшін көптеген мамандарды тартуға тура келеді. Ең қиыны теріс ықпалға түскен адамды қалыпты өмірге келтіру кейде ұзақ уақытқа созылып кетеді. Тіпті, жылдарға да созылуы мүмкін.

— Жыл сайын оңалту орталықтарына қанша адам келеді?

— Шамамен олардың саны үш мыңға жетеді. Соңғы жылдарда 69 адамға қатысты істі құқық қорғау органдарына бердік. Соның ішінде бірнешеуі бойынша қылмыстық іс қозғалып, ол сотта қаралды. Бұлардағы зиянкестер психикалық ауытқушылықпен ғана шектелмей, адамның өзін-өзі өлтіруіне дейін жеткізген. Мысал ретінде айтар болсам, Солтүстік Қазақстан облысында "Алла аят" әдісімен "емделудің" салдарынан екі адам көз жұмды. Қант диабетімен ауыратын бір адам секташылардың ақылымен инсулиннен бас тартқан екен, үш күннен кейін көз жұмды. 2006 жылы Астана қаласының прокуратурасы осы сектаға барған бірнеше адамның жүйке тамырлары дертіне ұшырағандығы үшін сотқа жүгініп, бұл сектаның Қазақстанда әрекет етуіне мүлде тыйым салған.

— Бірақ бұл секта бізде жасырын әрекет етеді деген сыбыс бар ғой?

— Ол рас. Бізде оның әлі де көптеген ұяшықтары жұмыс істейді. Астыртын жұмыс істеу әдістерін меңгергендері сондай — өздерінің шифрлары мен парольдар жүйесін жасап алған. Оның үстіне қазір қатарларына көшедегі кездейсоқ адамды алмайды, міндетті түрде өз адамдарының бірінің ұсынысымен, тексеріп барып қана қатарларына қабылдайды.

Қазір Қазақстанда тыйым салынғанымен олар Ресейдің Мәскеу, Орынбор қалаларында

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 17 шілдедегі № 308 қаулысы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Н. Садуақасов.**
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2015 жылғы 21 тамыз № 5822 болып тіркелген.

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 308 қаулысымен бекітілген

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызметін облыстың жергілікті атқарушы органы ("Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №285 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) қосымшасына сәйкес қағаз тасымалдағыштағы сыйға тарту шарты және мүліктің қабылдау-беру актісі (табыстау актісі).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме Стандарттың 9-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының еркін нысандағы өтініш пен құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) ұсынуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады және жауапты орындаушыны айқындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 2 (екі) сағат.

Рәсімнің нәтижесі (іс-қимылдың) – құжаттар топтамасын тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды және тиісті бұрыштама қояды, 1 (бір) күн.

Рәсімнің нәтижесі (іс-қимылдың) – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын қарайды, мемлекеттік көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және оны көрсеті-

летін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді, 87 (сексен жеті) күн (айлық есептік көрсеткіштің 30000 еселенген мөлшерінен асқан мүліктің құны бойынша – 147 (жүз қырық жеті) күн).

Рәсімнің нәтижесі (іс-қимылдың) – мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды және оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына береді, 1 (бір) күн.

Рәсімнің нәтижесі (іс-қимылдың) – қол қойылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді, 15 (он бес) минут.

Рәсімнің нәтижесі (іс-қимылдың) – берілген мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әр бір рәсімнің ұзақтылығын (іс-қимылын) көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) кезеңділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге

асырады және жауапты орындаушыны айқындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 2 (екі) сағат;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды және тиісті бұрыштама қояды, 1 (бір) күн;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын қарайды, мемлекеттік көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді, 87 (сексен жеті) күн (айлық есептік көрсеткіштің 30000 еселенген мөлшерінен асқан мүліктің құны бойынша – 147 (жүз қырық жеті) күн);

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды және оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына береді, 1 (бір) күн;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді, 15 (он бес) минут.


Көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну және рәсімдерінің кезеңділігі (іс-қимылы) тәртібін сипаттау осы Регламенттің қосымшасына сәйкес бизнес-процестердің анықтамалығында көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы және оның қалалары мен аудандарының бөлімдері және www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Постановление акимата Костанайской области
от 17 июля 2015 года № 308

Утвержден постановлением акимата области
от 17 июля 2015 года № 308

Об утверждении регламента государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан"

В соответствии со статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республики Казахстан", статьи 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый регламент государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области **Н. Садуакасов.**
Зарегистрировано в Реестре государственной
регистрации нормативных правовых актов
21 августа 2015 года под № 5822.

Регламент государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан" оказывается местным исполнительным органом области (государственное учреждение "Управление финансов акимата Костанайской области") (далее – услугодатель). Прием заявлений и выдача результа-

тов оказания государственной услуги осуществляется услугодателем.

2. Форма оказания государственной услуги – бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги – договор дарения и акт приема-передачи имущества (передаточный акт) на бумажном носителе, согласно приложению к Стандарту государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Пра-

вительством Республики Казахстан", утверждённому приказом Министра финансов Республики Казахстан от 27 апреля 2015 года № 285 (далее – Стандарт).
Форма предоставления результата оказания государственной услуги – бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является предоставление услугополучателем предложения о передаче государству прав на имущество по договору дарения и документов (далее – пакет документов), указанных в пункте 9 Стандарта.

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов, осуществляет его регистрацию, и передает руководителю услугодателя для определения ответственного исполнителя, 2 (два) часа.

Результат процедуры (действия) – регистрация пакета документов;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя и налагает соответствующую резолюцию, 1 (один) день.

Результат процедуры (действия) – резолюция руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, и передает его на подписание руководителю услугодателя, 87 (восемьдесят семь) дней (по имуществу стоимостью, превышающей 30000-кратного размера месячного расчетного показателя, 147 (сто сорок семь) дней).

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной

услуги;

4) руководитель услугодателя подписывает проект результата оказания государственной услуги и передает его ответственному исполнителю услугодателя, 1 (один) день.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

5) ответственный исполнитель услугодателя выдает результат оказания государственной услуги, 15 (пятнадцать) минут.

Результат процедуры (действия) – выданный результат оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

1) сотрудник канцелярии услугодателя;

2) руководитель услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов, осуществляет его регистрацию, и передает руководителю услугодателя для определения ответственного исполнителя, 2 (два) часа;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя и налагает соответствующую резолюцию, 1 (один) день;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает пакет документов, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, и передает его на подписание руководителю услугодателя 87 (восемьдесят семь) дней (по

имуществу стоимостью, превышающей 30000-кратного размера месячного расчетного показателя, 147 (сто сорок семь) дней);

4) руководитель услугодателя подписывает проект результата оказания государственной услуги и передает его ответственному исполнителю услугодателя, 1 (один) день;

5) ответственный исполнитель услугодателя выдает результат оказания государственной услуги, 15 (пятнадцать) минут.

Описание порядка обращений и последовательности процедур (действий) услугодателя отражено в справочнике бизнес-процессов согласно приложе-


нию к настоящему Регламенту.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

Государственная услуга через филиал Республиканского государственного предприятия "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и его отделы городов и районов и веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz не оказывается.

Приложение к регламенту государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан"

Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги "Принятие Республикой Казахстан прав на имущество негосударственных юридических лиц и физических лиц по договору дарения в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан"



Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 31 шілдедегі № 318 қаулысы

Әулікөл ауданындағы Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Әулікөл ауданындағы Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 451 "Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4312 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 желтоқсанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Н. Садуақасов.**
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2015 жылғы 7 қыркүйекте № 5864 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 318 қаулысына қосымша

Әулікөл ауданындағы Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймағының мөлшері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Ұңғымалар: № 01ә (0907)	Радиусі – әр ұңғыманың айналасында 50 метр	3,14 гектар	Ұзындығы - 258 метр Ені - 244 метр	25,2 гектар	Ұзындығы – 2405 метр Барынша ені – 2620 метр	630 гектар
№ 02ә (0908)			Ұзындығы - 258 метр Ені - 244 метр			
№ 03ә (0909)			Ұзындығы - 258 метр Ені - 244 метр			
№ 04ә (0916)			Ұзындығы - 258 метр Ені - 244 метр			

Ескерту: "Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағының санитарлық-гидрогеологиялық негіздемесі" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймағының шекарасы көрсетілген (Тапсырыс беруші - "Мерей" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны).

Постановление акимата Костанайской области
от 31 июля 2015 года № 318

Об установлении зоны санитарной охраны Аулиекольского централизованного хозяйственно-питьевого водозабора в Аулиекольском районе

В соответствии со статьями 39, 117 Водного кодекса Республики Казахстан от 9 июля 2003 года, статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить зону санитарной охраны Аулиекольского централизованного хозяйственно-питьевого водозабора в Аулиекольском районе согласно приложению.

2. Признать утратившим силу постановление акимата Костанайской области от 16 октября 2013 года № 451 "Об установлении зон санитарной охраны Аулиекольского централизованного хозяйственно-питьевого водозабора" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4312, опубликовано 12 декабря 2013 года в газете "Қостанай таңы").

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области **Н. Садуақасов.**
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных
правовых актов 7 сентября 2015 года под № 5864.

Приложение к постановлению акимата от 31 июля 2015 года № 318

Зона санитарной охраны Аулиекольского централизованного хозяйственно-питьевого водозабора в Аулиекольском районе

Наименование источника водозабора	Размеры зон санитарной охраны					
	I пояс		II пояс		III пояс	
	граница	площадь	граница	площадь	граница	площадь
Скважины: № 01ә (0907)	Радиус – 50 метров вокруг каждой скважины	3,14 гектара	Длина - 258 метров Ширина - 244 метра	25,2 гектара	Длина - 2405 метров Максимальная ширина - 2620 метров	630 гектар
№ 02ә (0908)			Длина - 258 метров Ширина - 244 метра			
№ 03ә (0909)			Длина - 258 метров Ширина - 244 метра			
№ 04ә (0916)			Длина - 258 метров Ширина - 244 метра			

Примечание: граница зоны санитарной охраны отражены в картографическом материале проекта "Санитарно-гидрогеологического обоснования зоны санитарной охраны Аулиекольского централизованного хозяйственно-питьевого водозабора" (заказчик - государственно коммунальное предприятие "Мерей").

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

«Деректер көзге оттай басылады»

дейді майдангердің келіні Шолпан қажы Әбілдинова

Сәлім
МЕНДІБАЙ

«Қостанай тағы» газетінің биылғы 8 сәуір күнгі санында Шолпан қажы Әбілдакелінінің «Бір медальдың сыры» атты шағын мақаласы шыққан еді. Онда автор өзінің қайын атасы Шәки мен қайын енесі Дәржанның тұла бойы тұңғышы, өзінің жолдасы Әбеннің жалғыз ағасы, яғни, қайнағасы Мырзағазы Әбілдинов туралы жазған еді. Ол 1925 жылы Меңдіқара ауданы Никитинка ауылында дүниеге келген. 1942 жылы он жеті жасында өзі сұранып, майданға аттанып, I Украин майданында барлаушы ретінде талай ұрыстарға қатысады. Отбасында сақталған әскери билетінде ол 1944 жылы «Ерлігі үшін» медалімен, 1945 жылы III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталғаны жазылған.

Соғыстан Жеңіспен оралған жауынгер сол бір ауыр күндері алған жарاقات асқынып, 1947 жылы өмірден өтеді. Сол өзі туған Никитинка ауылына жерленеді.



Жақында Шолпан қажы тағы да редакцияға келді. Немерелері Интернеттен Мырзағазы (құжаттарында Алексей) Әбілдиновтің «Награда паракшаларын» тауып, сондағы оның ерлік істері туралы жазбаны көшіріп

алған екен. Енді қысқаша соларға тоқталайық.

Бірінші құжаттан: «Жолдас Әбілдинов 5.08.1944 жылы барлауда жүріп, немістер орналасқан селоға бірінші болып кірді. Ұрыста 5 гитлершіні мерт

қылды және жау туралы бағалы деректерді жеткізді. 6.08.1944 жылы Боров селосына барлаушылар тобымен бірінші болып кіріп, 2-і гитлершінің көзін жойды, ерекше құнды деректерді жеткізді, кейін олар дивизия штабына берілді».

Екінші құжаттан: «Жолдас Әбілдинов 18.04.45 жылы Баргод деревнясының батысындағы орманда неміс әскеріне тап болып, ұрыста 2 жауды мерт қылды, қалғандары дырқырай қашты. 19.04.45 жылы Шпремберг қаласының батыс жағындағы орманда жау бекінісін бірінші болып тауып, ондағы жаудың күшін анықтап, бөлім командованиесіне жеткізді. 29.04.45 жылы барлау барысында Гогдорф деревнясының батысында шабуылға дайындалып жатқан жауға қарсы оқ жаудырды және жаралы болған жолдасын ұрыс даласынан алып шықты».

Жоғарыда айтылған наградаларды ол осындай ерлігі үшін алған екен.

СУРЕТТЕ: жауынгердің немересі Қанат пен оның баласы Даниял майдангер қабірі басында.



дальдармен, ордендерімен марапатталған. Сонымен қатар Украинаның президенті Кучмадан бірнеше марапаттау алды.

Артында қалған жалғыз тұяғы Байділдин Гафурбек Әнәпияұлы Ақмола облысы, Жарқайың ауданында ішкі істер бөлімінде бірнеше жыл полиция қызметінде еңбек етіп, 2013 жылы зейнеткерлікке шықты. Дана-сы бірнеше жыл медбике қызметін атқарып зейнетке шықты. Қазір үбірлі-шүбірлі ардақты әже болып отыр. Балқия мен Бануы әртүрлі салада жұмыс істейді. Немерелері Сұңқарбек, Райымбек, Ақсәуле және жиендері майдангер аталарының ерлігін мақтанышпен айтып жүр. Топырағың

Жарқын бейнең
мәңгі есте

Әнәпия Байділдәұлы 1925 жылы 3 қыркүйекте Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, «Еңбек» кеншарында туып өскен. Небәрі 17 жасында елін қорғауға соғысқа аттанды. 1942-1944 жылдары Украина жерін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысты. Соғыста барлаушы міндетін атқарған.

Варшаваны жаудан азат ету кезінде сегіз жерден жараланып, елге жеңіспен оралды. Өзінің 7 кластық білімімен Әліби Жанкелдин құдасының көмегімен есепші болып жұмысқа орналасады. Елге келген соң колхоз басқармасы, совхоз директорының орынбасары қызметін атқарған. Жеңістің 30, 40, 50, 60 жылдығына арналған мерекелік ме-



торқа болсын, қайран аға!

Сәуле ҚАНАПИЯҚЫЗЫ,
майдангердің қарындасы.

Ел бірлігін
тілеген жан

Менің атам Қазтай (Қазмағамбет) Бірімжанов Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері. Ол 1919 жылы 13 сәуірде туған. Әскер қатарына 1939 жылы Магнитогорск қаласынан шақырылған. Он бес жасында Магнитогорскінің темір қорыту зауытына (Сталелитейный завод) домна цехы шеберінің оқушысы ретінде барады. Үш айдан соң сол цехтың жұмысшысы (сталевары) болып бекітіледі. Атамызбен бірге 4-5 жігіт барған. Солардың бәрі ауыртпалыққа шыдай алмай, зауыттан кетіп қалады. Бірде атаммен бірге жұмыс істеп жүрген тәжірибелі, санатты жұмыскерлер «... қазақ жігіттерінің бәрі сендей ме?» деп сұраған екен. Өйткені, атамыз алғыр-

лығы, өжеттігі, ой-өрісінің кеңдігімен көзге түседі. Көп ішінен ерекшелене білген жанға әріптестері де қызыға қарайтын.

Ұлы Отан соғысы басталғанда атамыз әскерде болған. Елге 1946 жылдың қазан айында оралған. «Қызыл жұлдыз» және «Даңқ» ордендерімен марапатталды. Соғыстан кейінгі жылдары колхоз, совхоздардың басшы-ұйымдастырушылардың бірі болды. Еңбекқор атамыз жас-кәрінің іскерлігін, шеберлігін бағалайтын. Әсіресе, Жамбыл Жабаевтың «Өсиет» өлеңін айтудан жалыққан емес.

«Өсиетім: шындықты, адалды сүй, Ардақтаған халықты, адамды сүй, Елдің тіккен іргесін игілікке, Тап бүгінгі бақытты заманды сүй».

Атамыздың замандасы, қырық жылдан астам ұстаздық еткен Қалиахмет Кенжетеев: «Қазекең елдің тірлігін, бірлігін тілеген жан. Әр нәрсені ақылға салып, сараптап шешім қабылдайтын кісі. Ойы – ұшқыр, сөзі – ұғымды. Бастаған ісі нәтижелі болатын» деп еске алады. Ұл-қыздарын өсірген атам немере, шөберелерін де көрді. Артынан ерген ұрпағына ақ батасын да берді. Балаларын жеткізіп, елінің игілі жолында еңбек еткен майдангер атамыз 1998 жылдың 21 желтоқсанында өмірден өтті.

Айгүл ҚАБДРАХМЕТОВА,
А.Шотаев атындағы орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Меңдіқара ауданы.

СУРЕТТЕ: Қазтай Бірімжанов.

«Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі (110000, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75, анықтама үшін телефондары 8(7142)50-35-45, факсы 8(7142) 502-788, электрондық мекенжайы vetupr.ok@mail.ru) «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ішкі бақылау қызметінің бас маманы (Д-О-4 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Басқарма басшысын, қаржы және мемлекеттік сатып алу бөлімі басшысын ауыстыру кезінде өткізілетін тексерулерге қатысады. Басқарма қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа заңнамасын сақтауларына тексеру жасайды.

Басқарма қызметінің бағыттары бойынша: басқарманың стратегиялық және операциялық жоспарларының іске асырылуына;

басқарманың бухгалтерлік есеп және есептілік жүргізудің нақтылығына және дұрыстығына;

басқармаға жіберілетін ұсынымдардың және бақылау нәтижелерінің қорытындысы бойынша қабылданған шешімдерінің орындалуына ішкі бақылау жасайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану кезінде кемшіліктерді анықтау, тоқтату және жол бермеу жөнінде шаралар қолданады.

Басқарманың басқару жүйесі қызметіне бағалау жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатынасушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімі: құқық (заңгерлік), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Қазақстан Республикасының бюджет, еңбек, әкімшілік, азаматтық заңнамаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы нормативтік құқықтық актілерін, аудиторлық қызмет туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамаларын, мемлекеттік бюджетті жоспарлау және оның атқарылуы саласындағы, мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша заңнаманы, Қазақстан Республикасының қаржы-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын білуі, ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, тілін білу талаптары қойылады, сонымен қатар негізгі мамандығының бейіні бойынша мерзімді қайта даярлау курстарын өткендігі туралы куәлігінің болуы қажет.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қаржы және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалысы кезеңіне) (Д-О-4 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу; мемлекеттік сатып алулар бойынша құжаттарды дайындау; тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарды құрастыру және жасау; үкілетті органға мемлекеттік сатып алулар жөнінде есеп беруді жасау және ұсыну) жүргізеді. Мемлекеттік сатып алулар бойынша келісім-шарттарды қазынашылық органдарына тіркейді.

Міндеттемелер мен шаруашылық операцияларының (жеткізушілермен және тапсырыс берушілермен ұсынған қызметтерді, жұмыстары үшін есептесу) бухгалтерлік есебін жүргізу бойынша жұмыстарды орындайды. Бухгалтерлік есептің тиісті учаскесі бойынша бастапқы құжаттарын қабылдауды және бақылауды жүзеге асырады және оларды шоттық өңдеуге дайындайды, оларды негізгі қордың, тауарлық-материалдық құндылықтардың және ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты бухгалтерлік есептің шоттарында көрсетеді. Сенімхаттар беру кітабын жүргізеді.

Бюджеттік өтінімдер құрастыру үшін қалалық және аудандық ветеринария бөлімдерінен нысаналы трансферттер бойынша қаржыландыру жоспарларын, қаржыландыру жоспарларына енгізілген өзгерістерді жинақтайды және қорытады.

Тауарлық-материалдық құндылықтарға және негізгі қорға түгендеу жүргізуге қатысады.

Ұйымның қаржы-шаруашылық жұмысына экономикалық талдау жүргізуге қатысады. Бухгалтерлік құжаттардың сақталуын қадағалайды, оларды белгіленген тәртіпке сәйкес мұрағатқа тапсыруға рәсімдейді.

Бөлімге келіп түскен құжаттарды орындауды жүзеге асырады.

Қаржылық тәртіпті және қордың ұтымды пайдаланылуын сақтайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатынасушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономикалық, есеп және аудит, қаржы). Ортадан кейінгі: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономикалық, есеп және аудит, қаржы) білімі барларға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тамақ өнімдері және орны ауыстырылатын объектілердің қауіпсіздігі бөлімінің жетекші маманы, (Д-О-5 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 57657 теңгеден 78157 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Айналысатын мәселелері:

адам мен жануарларға ортақ аурулардан халық денсаулығын қорғауды ұйымдастырады;

ветеринария саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

ветеринария мәселелері бойынша халық арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-са-

нитариялық бақылауды және қадағалауды: ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда; экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асырады.

жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды;

мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатынасушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімі: ветеринариялық (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария). Ортадан кейінгі ветеринариялық (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

4. «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тамақ өнімдері және орны ауыстырылатын объектілердің қауіпсіздігі бөлімінің жетекші маманы, (Д-О-5 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 57657 теңгеден 78157 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Айналысатын мәселелері:

адам мен жануарларға ортақ аурулардан халық денсаулығын қорғауды ұйымдастырады;

ветеринария саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

ветеринария мәселелері бойынша халық арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен

қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды: ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда; экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асырады.

жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды;

мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатынасушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімі: ветеринариялық (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария). Ортадан кейінгі ветеринариялық (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

5. «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы (Д-О-5 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 57657 теңгеден 78157 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Басқарманы және басқарманың құрылымдық бөлімшелеріне техникалық қызмет көрсету: компьютерлік және ұйымдастыру техникасын орнату; серверді орнату және сүйемелдеу, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды күйіне келтіру, қайта орнату, локалдық-есептеу желісін құрастыру, қайта құрастыру, Интернет – қосылуларды күйіне келтіру;

(Соңы 11-бетте)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қостанай филиалымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қостанай филиалымен жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтердің келесі түрлері көрсетіледі:

1. Уәкілетті ұйымдарға шетелдік валюталармен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру.

2. Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу.

3. Валюталық операцияны тіркеу.

4. Валюталық операция немесе шетелдік банкте банктік шот ашу туралы хабарламаны растау.

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін жеке немесе заңды тұлға (қызметті тұтынушы) Мемлекеттік қызметтер стандарттарында белгіленген құжаттар пакетін қоса, ҚР Ұлттық Банкі филиалына арыздану қажет.

«Уәкілетті ұйымдарға шетелдік валюталармен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» және «Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу» мемлекеттік қызметтері бойынша тұтынушы Интернет желісі және электронды цифрлі қолы болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы («Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесі – www.elicense.kz) арқылы өтініш бере алады. Бұл ретте құжаттар сканерленген электронды түрде ұсынылады. Сонымен қатар, қызмет тұтынушы мемлекеттік қызмет көрсету статусы жөнінде «электрондық үкімет» веб-порталында «жеке кабинет» қашықтатылған кіруге мүмкіндік

режимінде және мемлекеттік қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай контакт-орталығы арқылы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметті электрондық түрде көрсету нәтижесі электрондық құжатты не болмаса құжатты қағаз түрінде не болмаса «электрондық үкімет» ақпараттық жүйесінен мәлімет беру болып табылады. Мемлекеттік органның лауазымдық тұлғасының электронды цифрлі қолы қойылған Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жөнінде мәлімет қызмет тұтынушының веб-порталындағы «жеке кабинетіне» электронды түрде жіберіледі.

ҚР Ұлттық Банкі көрсететін әр мемлекеттік қызметтер жөнінде толық ақпарат www.nationalbank.kz интернет-ресурстарында «Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтері» бөлімінде, сонымен қатар «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz «Бизнес» бөлімінің «Мемлекеттік органдар бойынша қызметтер» бөлімшесінде жарияланған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай контакт-орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы сұрақтар туындаған жағдайда қызметті тұтынушы Ұлттық Банкінің Қостанай филиалына Қостанай қ., Баймағамбетов к-сі, 195, №303, 305, 322 кабинет, мекенжайы және 54-33-68, 54-81-18, 53-31-11 телефондары бойынша хабарласуына болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы.

(Басы 10-бетте)

Басқарма және бөлім басшысымен белгіленген өзге де өкілеттікті жүзеге асыру. Басқарманың интернет-сайтын жаңартып отыру.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатынасусыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімі: техникалық ғылымдар және технология (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету). Ортадан кейінгі: техникалық ғылымдар және технология (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету), информатика және есептеу техникасы (ақпараттық өңдеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелері) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Өкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 Бұйрығымен бекітілген Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 3x4 көлеміндегі суретімен толтырылған сауалнама;

3) Нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Нотариалды куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген нысандағы

денсаулығы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген);

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** мына мекенжай бойынша ұсынылуға тиіс: 110000, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75, 112-кабинет.

Азаматтар жоғарыда айтылған құжаттарды құжат тігілетін мұқабада қалыптастырып, қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде ұсынады.

Байқауға қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны «Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 112-кабинетте, оларды әңгімелесуге рұқсатнама туралы хабардар етуден кейін **5 жұмыс күні ішінде** өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының айқындылығын және объективтілігін қамтамасыз ету үшін отырыста бақылаушылардың қатысуы рұқсат етіледі. Бақылаушылар ретінде конкурстық комиссияның отырысында Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы белгіленген аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың, өкілетті органдардың өкілдері қатыса алады. Конкурстық комиссия отырысында бақылаушы ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізудің басталуынан бір жұмыс күннен кешікпей Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасында ұйымдастыру – кадрлық бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасында персоналды басқару қызметінде жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға қатыстылығын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындарды (сөйлесу, өтетін орынға бару және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, байланыс қызметтерінің барлық түрі) азаматтардың өз қаражаттары есебінен шығарылады.

«Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (110700, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан, 65 үй, анықтама үшін телефондары 8(71435) 4-91-77, 8(71435) 4-92-22, электрондық мекенжайы akimat.zhitikara@mail.ru.) «Б» корпусының бос өкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

Бас маманы, санаты E-R-4.

Лауазымдық жалақысы қызмет өткен жылдарына байланысты: 56 376 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, Президенттің жыл сайынғы жолдауларын насихаттау жөніндегі жұмысын үйлестіру, ауданында ақпараттық-насихаттау тобының қызметін жүргізу. Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қаулылар, өкімдер жобаларын дайындау. Аудандағы қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг, талдау және болжау жасау, қоғамдық пікірлер жағдайын, азаматтардың элкторалды көңіл-күйін талдау. Ақпараттық саясаттың талдау қызметі, аудандағы БАҚ-пен байланысты жүзеге асыру, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" заңын сақтау. Ақпараттық саясатты жүзеге асыру. Өкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру, Жітіқара ауданы әкімдігінің жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бойынша комиссия, Жітіқара ауданы әкімдігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекет кеңесі және Жітіқара ауданы әкімдігінің жанындағы діни бірлестігімен байланыс бойынша кеңес және осы комиссия хатшысы міндеттерін орындайды. Келіп түсетін және жіберілетін хат хабарды уақытында жасауды қамтамасыз ету. Ағымдағы іс жүргізу құжаттарын тіркеу, есептеу, сақтау және тапсыру бойынша жұмысты жүзеге асыру. Ағымдағы мұрағат құжаттарын жүйелеумен айналысу. Қатал есеп беру бланкілеріне есеп жүргізу. Іс жүргізуі біткен құжаттарды мұрағатқа тапсыру үшін дайындау. Жеке және заңды тұлғалардың үндеулері бойынша іс-қағаздарды жүргізу жұмысын ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім. Ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі: білім (тарих, экономика және құқық негізі, орыс тілі және әдебиет) немесе гуманитарлық ғылымдар (халықаралық қатынастар, тарих) немесе құқық (юриспруденция, халықаралық құқық) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (әлеумет ғылымы, саясаттану, есеп және тексеру, аймақтану, мемлекеттік және жергілікті басқармасы). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй, 32 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Анықтамалар телефоны: 4-92-22, 4-91-77; электрондық пошта – akimat.zhitikara@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** «Жітіқара ауданы әкімінің аппараты» ММ-де өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Жітіқара ауданы әкімінің аппараты» персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Жітіқара ауданы әкімінің аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігінің растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

14.09.2015 ж. № 66 Шартқа 2 қосымша/ Приложение 2 к Договору № 66 от 14.09.2015 г.

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Лауазымды тұлғаның ТАӨ	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күндері мен уақыты
Маукулов Әмірхан Әбенұлы	Инспекция басшысының м.а.	Сейсенбі, бейсенбі сағат 10-нан 12-ге дейін
Сәрсенов Нұрқан Ақпарұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-нан 12-ге дейін
Васильчишен Петр Николаевич	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-нан 12-ге дейін

Азаматтарды қабылдауы мына мекенжайы бойынша өтеді: Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 85 А, Қостанай қаласы, Толстой көшесі, 74. Байланыс телефоны 54-30-60, 51-12-86. «Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-нің сенім телефоны 8 (7142) 54-30-60.

График приема физических и представителей юридических лиц РГУ «Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан»

ФИО должностного лица	Должность	Дни и время приема
Маукулов Амирхан Абеневич	И.о. руководителя инспекции	вторник, четверг с 10 до 12 час.
Сарсенов Нуркан Акпарович	Заместитель	среда, пятница с 10 до 12 час.
Васильчишен Петр Николаевич	Заместитель	среда, пятница с 10 до 12 час.

Прием граждан проводится по адресу: г. Костанай, ул. Гагарина, 85 А, г. Костанай ул. Толстого, 74. Контактный телефон 54-30-60. Телефон доверия РГУ «Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира» 8 (7142) 54-30-60.

Өнерлі отбасының көрмесі

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Қостанай қаласындағы Л.Толстой атындағы ОӘФК-да қостанайлық суретшілер отбасының мүсіншісі Баян Баталованың, қолданбалы өнер шебері, зергер С.Әбдікәрімовтың, артметалл шебері Марлен Шетлер мен оның қызы Жасминнің "Көшпенділердің жеті қазынасы" атты көрмесі болып өтті.

Тамаша туындылар көрмеге куә болғандардың жанарын жаулады. Темір қалдықтарынан жасалған жануарлар мен қылқалам көмегімен салынған суреттер көрменің сәнін ашып тұр. Сонымен қатар, гипстен ойылған бұйымдар, кескіндеме, батик, мелхиордан жасалған зергерлік заттар мен киіз басу әдісімен жасалған бұйымдар қосылған. Барлығы



көрмеге 49 жұмыс қойылған.

Өнерлілер отбасы бір талай республикалық сайыстарда жеңімпаз атанып, Қостанайдың көркеюіне өз үлестерін қосқан. Отбасындағы Марлен ұлдары қаладағы темір ескерткіштердің авторы. Атап айтсақ, "Март" ойын-

сауық орталығының алдындағы "Трансформер" роботы, КСК ауданындағы "Ақ Отау" салтанат сарайындағы кесіртке бейнесі де М.Шетлердің қолынан шыққан туындылар.

Суретті түсірген автор.

ӨНЕР

Танымал еткен поппурри

Қымбат ДОСЖАНОВА

Интернеттің мүмкіндігі мол екені әмбеге аян. Ел және жаһан жаңалықтары ең алдымен ғаламтор жүйесі арқылы тарайды. Күллі әлемді алақанына сыйдырып отырған ғажайып желінің тағы бір артықшылығы бар. Ол – қасқағым сәтте танымал болуыңызға көмектеседі. Мысалға, интернет пайдаланушылардың арасында қостанайлық Еркін Сүюбаевтың есімін білмейтіндер кем де кем. Көпшілік оның түрін шырамытпаса да дауысынан таниды. Өйткені, Еркін "Ты не пришла на новогодний бал" әнінің видеоосы арқылы танылды. Бүгінде бұл поппурридің тыңдармандары Қазақстан мен Ресей, Украинадан да табылады.

Еркін Сүюбаев Науырзым ауданының тумасы. Қазіргі Қожа ауылында дүниеге келген. Бала күнінен өнге жақын болып өсті. Ауылда жүріп домбырада ойнауды меңгерді. Орта мектепті бітірген соң Арқалық қаласындағы жоғары оқу орнына түсті. Жарты жыл музыкалық білім алып, әрі қарай өнерін өзі да-



мытты. Алғашында тойларға шығып, әнші болды. Кейін асабалыққа ауысты. "Ты не пришла на новогодний бал" әнін бала күнінде үлкендерден естіген. Ескі әннің орыс тіліндегі мәтінін қазақшалап, жандандырды, жан бітірді. Екі тілде орындалатын өнге бүгінде сұраныс мол. Осы ән үшін Қазақстан мен Ресейдегі тойларға шақырып жатады.

Қазіргі уақытта Ютуб видеохостингінен Еркіннің орындауындағы "Ты не пришла на новогодний бал" әніне он түрлі пародияны көре аласыз.

– Бұл әнді құрдастарымның ортасында айтатынынмын. Астанаға барғанымда, жолдасымның баласы әнді видеоға түсіріп, интернетке жариялады. Поппурри сәтті шықса керек, көпшіліктің назарына ілікті. Қазір мені тойларға жиі шақырады. Осы әнді айтып беруімді сұрайды. Әннің кең таралуына интернеттің көмегі көп болды, – дейді әнші-асаба Еркін Сүюбаев.

Қазіргі уақытта интернет арқылы танымал болған әндер көп-ақ. Қазақстандық эстрада әншісі Асхат Тарғыновтың "Мария Магдалена" атты әні де тойдың сәніне айналған-ды. Аталған әншіні Ресейдегі қазақтар арнайы шақыртып, өзге ұлт өкілдері де сүйсіне тыңдады. Оңтүстік корейлік репер Псайдың "Orra Gangnam Style" әні де 2012 жылы интернеттің хитіне айналған-ды. Корей тіліндегі әннің мәтінін қазақшалап орындағандар да бар.

СУРЕТТЕ: Асаба Еркін Сүюбаев.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Аяулы да ардақты, асыл әжеміз Зағипа Қойкеқызының дүниеден озғанына биыл 19 қыркүйекте 6 жыл толады. Әжеміздің асыл бейнесі әлі де біздің көз алдымызда.

Түседі күлген кезі кейде есіме, Әжемнің өміренгені бір несібе. Ғаламның сұлулары татымайды, Әжемнің күліп тұрған бейнесіне. Кете бардың жанды өртеп жандырып, Белгілі ғой ешкім жүрмес мәңгілік. Өмір өтер, асыл бейнең бірақ та Жадымызда тұрар біздің жаңғырып. Әрдайым топырағыңыз торқа, жаныңыз жөннатта, орныңыз жұмақта болсын, асыл әже!



Еске алушы немересі Жасұлан.

Еске алу

"Ана" дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ.

Ана – қасиетті де, киелі есім!

"Анасы бар адамдар – ешқашан қартаймайды", – деген өлең жолдарын естіген сайын, аяулы анамыздан айрылған сол бір қаралы күн есімізден кетпейді...

Барлық бауырларымызбен бірге қабырғамыз қайысып, бір мезет қамқоршысыз қалып, жан-жүрегіміз езіліп, шарасыздықтың күйін көшкен едік. Оған да, міне, үш айдың жүзі болыпты.

Зымырап өтіп жатқан уақыт өзіңді бізден алысатса да, Анашым, жүрегімізде мәңгі қаласың!

Біздің анамыз Әбішева Қарашаш Мәуленқызы – жан-жағына мейірім шағын төгіп, отырған ортасын өзіл-қалжыңға толтырып отыратын аяулы жан еді!

Аман болса, қыркүйектің 15-жұлдызында ортамызда 80 жасын тойлар едік... Аман нешік, сұм ажал ортамыздан ойып тұрып, алып кетті. Тағдырдың қанша талқысына түсіп, азамат болып қалған қос ұлының қазасын көрсе де, қиналғанын еш жанға сездірмей, мойымаушы еді, Анашым! Әрбір айтқан сөзі өнеге, кісілігі мен кішілігі қатар жүрген, қайсар мінезді, аузынан "Аллалы" түспеген қайран Анам! Біз сізді ешқашан да ұмытпаймыз!

Өзің жетпеген жасыңа балаларың мен немере-шеберелерің жетуіне Алла нәсіп етсін!



Сағынышпен еске алушылар: балаларың, немерелерің, шеберелерің.

ОҚИҒА

Әйел көйлегін ұрлаған жігіт

Қостанай қаласында 21 жастағы жігіт әйел көйлегін ұрлап, қолға түсті. Оқиға 13 қыркүйек күні облыс орталығындағы сауда орнында болды.

56 жастағы әйел дүкеннен көйлек алып, пакетін көрінетін жерге қойған еді. Мұны көрген жігіт пакетті алып кетіп қалды. Жедел-ізвестіру шараларының нәтижесінде күдікті ұсталды. Ұрлық істеген Лисаков қаласының жұмыссыз тұрғыны екен.

Тонаушыға қарсылық көрсетті

Қостанай ауданының Затобол кентінде 45 жастағы әйел тонаушыға қарсылық көрсетіп, өз мүлкін сақтап қалды.

Оқиға 13 қыркүйек күні аудан орталығында болды. Жас жігіт жүгіріп келіп, әйелдің қолындағы сөмкеге жармасты. Әйел қолындағы сөмкесін бермей қарсыласты. Оңайлықпен сөмкені ала алмаған жігіт қашып кетті. Әйел полицияға болған оқиға жайлы хабарлап, күдіктінің түр-түсін айтып берді. Көп ұзамай полициялар 19 жастағы тонаушыны ұстады. Әйел ішінде ақша, пәтердің кілті, құжаттары бар сөмкесінен айырылғысы келмей, бар күшін салып, қарсыласқанын айтты.

Қасақана өрт қойған

Жітіқара ауданында полицейлер шөп қора мен ат қораны қасақана өртеген күдіктіні ұстады.

13 қыркүйек күні түнде Пригородный кентіндегі бір үйдің қорасында өрт шықты. Өрт сөндірушілер мен жергілікті тұрғындар өртті сөндіріп жатқан кезде осы көшедегі бір үйге терезеден түскен уры үйде адам болмайды деп ойлаған еді. Ол үй иесі – 78 жастағы зейнеткер әжейден ақша талап етті. Әйел сыртқа қашып кетті. Күдікті бұрын ұрлық істеген жергілікті тұрғын екен. Ол ұрлық жасау үшін қасақана қораға өрт қойған. Алайда, оның жоспары іске аспады. Күдікті ұсталып, тергеу жүргізілуде.

Тіркелмеген қару тәркіленді

Арқалық қаласы ІІБ полицейлері "Участок" жедел-алдын алу шарасының барысында тұрғын үйлер мен пәтерлерді аралаған болатын. Тәртіп сақшылары 50 жастағы ер адамнан тіркелмеген аңшы қаруын тәркіледі.

Күдікті 2008 жылдың мамыр айында "ИЖБ-36" аңшы қаруынан шалақ мылтық жасап алғанын айтты. Оған қатысты заңсыз қару дайындау бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 5-57-60

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10580 Тапсырыс 2018

Нөмірдің кезекші редакторы Нұрболат МЕШІТБАЕВ.